

## БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

**Бала мінез-құлқының бұзылу себептерінің әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық аспектілері**ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/20955/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Бекмуханбетова Жанар Мукановна**

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – мінез-құлқы әлеуметтік «нормадан» ауытқыған балалар мен жасөспірімдер мәселесі болып отыр. Соңғы уақыттардағы статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, оқушылар арасындағы нашақорлық, алкогольдік ішімдіктерді пайдалану, таксикомания, адам өлтіру және т.б. сияқты жағымсыз іс-әрекеттері жылдан-жылға күрт өсуде.

Қазіргі уақытта балалар мінез-құлқының бұзылу себеп-салдарын әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық тұрғыда М.А.Алемаскин, Л.М.Зюбин, И.С.Кон, Г.П.Медведев және т.б., клиникалық сипатта Г.А.Власова, В.Я.Гиндикин, В.В. Ковалев, Г.Е.Сухарев, криминалогиялық аспектілерін М.М.Бабаев, К.Е.Легошев, В.Н.Кудрявцев сияқты ғалымдар зерттеумен айналысқан.

Мінез-құлқында ауытқушылық байқалатын балаларды әлеуметтендіруге байланысты Отандық ғалымдардың еңбектері аса құнды болып табылады. Соның ішінде Қ.Б.Жарықбаевтың, С.Қ.Қалиевтің, Ж.Ы.Намазбаеваның, Т.Қ.Бөлеевтің және т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады

Мінез-құлқында ауытқушылық байқалатын балаларды және де қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауды ғылымда **девиация** (латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды.[1]

Осыған байланысты әдебиеттерде кездесетін «қиын бала», «девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» ұғымдары синонимдес болып табылады.

Девиантты мінез-құлық дегеніміз – әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес

келмейтін мінез-құлық. Кей жағдайларда «асоциалдық» немесе «антидисциплиналық» деп те аталып жатады.

Девиантты мінез-құлық немесе мінез-құлық ауытқушылығының көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан және еңбектен теріс бұрылу, үйден кету, алкоголизм, шылымқұмарлық, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид және т.б. жатады.

Мінез-құлық ауытқушылығы мына факторларға байланысты туындайды деген тұжырым жасалды. Олар:

**Биологиялық факторлар** – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедерге келтіретін физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер (генетикалық факторлар, интеллектуалдық кемістіктер, психикалық ақаулар, психофизиологиялық және физиологиялық факторлар).

**Психологиялық факторлар** – баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы (жүйкелік-психикалық ауытқулар).

**Әлеуметтік-педагогикалық факторлар** – мектептегі, отбасындағы, қоғамдағы тәрбие үрдісінің кемшіліктері мен әлеуметтік назардан тыс қалу нәтижесі (оқудағы декомпенсация, дезадаптация, әлеуметтік бейімсіздік, криминалдылық).

**Әлеуметтік-экономикалық факторлар** – баланың өз отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайына қанағаттанбауы (кедейлік, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу).

**Моральды — этикалық факторлар** – адамгершілік — рухани құндылықтардың төмендеуі. Аталған факторларға байланысты туындаған «антидисциплиналық мінез-құлықты» түзетудің жолы қандай?

*Көрнекті психолог Л.С.Выготский «Жеке адамның күйзелісімен күресу, оның себептерін жою жолымен ғана емес, сонымен бірге адамды жөнге салудың белсенді жолымен, білім бірлігімен, дамуына жағдай жасау арқылы да нәтижеге жетуге болады» дей отырып, «қиындықты тәрбие арқылы түзетудің», осы қайшылықпен күресудің нақты жолын анықтап берді.*

Мінез-құлқында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеуде мына ұстанымдарды басшылыққа алу қажет.

- Педагогикалық әрекеттің мақсатқа бағытталуы.
- Біртұтастығы мен жүйелігі.
- Ізгілік ұстанымы.
- Тұлғаның жақсы жақтарын тауып көре білу.

- Құрмет көрсете білу және қажеттілік тудыра білу ұстанымы.
- Саналылық және белсенділік ұстанымы.
- Жан-жақтылық ұстанымы.

Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету мына бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

- Баланың әлеуметтік ортасына тікелей әсер ету арқылы. Факторлары: табиғи, әлеуметтік.
- Оқу-тәрбие үдерісінің түзетушілік бағыты. Үнемі!
- Мәдени-көпшілік және сауықтыру шараларын арнайы ұйымдастыру арқылы.[2]

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, сондай-ақ оларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналармен немесе басқа да заңды өкілдермен жеке профилактикалық жұмыстарды қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық, медициналық және өзге де шаралар жүйесін күшейту қажет.

- ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ педагогтардың, тәрбиешілердің және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа да оқыту, тәрбиелеу және өзге де мекемелер қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан, не оның үйден немесе бала құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз еркімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған балаларды анықтау;
- қалыптасқан жағдайлардың салдарынан тіршілік әрекеті бұзылған және осы жағдайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен жеңе алмайтын балаларды дер кезінде есепке алу және реабилитациялық шараларды жүргізу;
- балаға қоғамда қалыптасқан және оның рухани, дене бітімі, имандылық, психикалық, мәдени, зияткерлік дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағытталған мінез-құлық ережелері мен нормаларын дарыту жөніндегі ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің жауапкершіліктерін арттыру;
- кәмелетке толмағанның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өз қаржылық мүмкіндіктері мен қабілеттерінің шегінде оның салауатты дамуы, оның мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін және мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарын қорғау үшін жағдай жасау;

- кәмелетке толмағандарды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешенін құру және енгізу. [3]

Енді нақты суицидтік мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктері, белгілері және оның шығу себептеріне тоқталып өтейін. Орта Азия елдері арасында Қазақстан өз-өзіне қол жұмсаудан I орын, ТМД көлемінде Ресейден кейінгі II орынды иеленді. Яғни, әр 100 мың қазақстандыққа шаққанда 20,7 адамнан келеді. Бұл көрсеткіш 1989 жылмен саластырғанда үш-төрт есеге есті. Бұл мәліметтерді БҰҰ жанындағы Балалар қоры (ЮНИСЕФ) таратты.

Зерттеулерге сүйенсек, өзіне-өзі қол жұмсау оқиғасының 41% жұмбақ жағдайда, 18% жан күйзелісінің салдарынан, сондай-ақ 19% кесімді жазадан қорыққаннан, 18% отбасындағы жағдайлардан, 6% махаббат «ауруының» салдарынан болған.

### **Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктері:**

#### 1. өзінің сырт келбетіне салақ қарау

- өзін үнемі жалғыз сезіну, пайдасыз немесе кінәлі, қайғылы сезіну
- бұрын ләззат әкелген жұмыстан қалыпты ортадан қанағаттанбау
- өлу туралы ойға салыну
- болашаққа жоспардың жоқтығы
- ұсақ түйектерге ашулану
- сыртқы бейнесімен түрінің мұңлы болуы
- бір қалыпты дыбыс
- асықпай сөйлеу

#### 10. сөздің қысқа болуы

#### 11. жауаптың жоқтығы

#### 12. жылдам экспрессивті сөйлеу

#### 13. жоқтау

#### 14. сыңсуға құмарлық

#### 15. жалпы қозғалыстың саябырсуы

#### 16. ештеңе істемеу

#### 17. тым асыра қозғалу

### **Эмоциялық өзгерістері:**

1. көңілсіз жүру
2. қабақ шытуы

3. ашулылық
4. бұрқылдау
5. айналадағы ортаға жағымсыз қарым-қатынас
6. айналаға жек көрушілік сезіммен қарау
7. өз-өзіне деген мейірімсіздік
8. қатыгездік сезімі
9. мәнсіз қорқыныш
10. мәнді қорқыныш
11. көңіл-күйдегі қайғының үнемі болуы
12. қайғыға душар болу
13. айнала қуанған сайын көңілсіздікке ұшырау
14. психикалық аурулар, депрессия
15. үрейлі қорқыныштың мінездемесі, невроз, ішкі үрей және қорқыныш
16. шизофрения

#### **Суицидтің белгілері:**

- өзінің өткен өміріне пессимистік баға беру
  - өткен өмірдегі таңдаулы жағымсыз оқиғаларды еске түсіру
  - қазіргі кездегі өзінің жағдайына пессимист көзқарас
  - болашақта перспективтіктің болмауы
  - айналадағы ортамен қарым-қатынасқа түспеу
  - сыңсуға құмарлық
  - қырсығу
  - өзінің қайғысына эгоцентристік бағыттау
  - көзжасының вегетативті бұзылуы
10. көз қарашығының үлкеюі
  11. ауыз құрғақшылығы
  12. дем жетпеу
  13. бас ауруы
  14. ұйқысыздық
  15. іштің түйілуі

Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салуы – девиантты мінез-құлықтың бір формасы.

#### **Суицидтік әрекеттерге ұшырау себептері:**

- Болашаққа шарасыздықпен қарау, мақсат-армандардың болмауы
- Ішкі эмоционалды жағдайдың бұзылуы
- Әлеуметтік шеттетілу
- Жанұядағы жайсыз психологиялық ахуал
- Өзіндік “Менінің” жоғалуы, сыртқы ортаның қысымы

### **Суицидтің шығу себептері**

1. Отбасылық ұрыс-керіс, ажырасу, жалғыздық, махаббатқа жол болдырмау, жыныстық қарым-қатынастағы әлжуаздық;
2. Психикалық сырқаттық, белсіздік пен бедеулік;
3. Қылмыстық жауапкершіліктен қашу, істеген ісінің ұяттығынан қорқу;
4. Материалдық-тұрмыстық қиыншылықтар;
5. Жұмыс және оқу орындағы даулы мәселелер мен сәтсіздіктер;
6. Қоғамдық -саяси жағдайлар;
7. Тұқым қуалаушылық;
8. Даму акселерациясы.

### **Сыртқы белгілері:**

- Көп жағдайда көңілсіз күйде жүру, тыныш монотонды дауыс;
- Сөйлеудің баяулығы, жауаптың қысқалығы;
- Іс-шарасыздық.

### **Эмоционалды бұзылыстар**

- Қоршаған ортаға деген көңілсіздік;
- Кекшіл, жылдам ашуланғыш;
- Қобалжу, негізсіз қорқу.

### **Қарым-қатынаста:**

- Оқшаулану, қоршаған ортадан қарым-қатынастан қашу;
- Келешекке жоспардың болмауы;
- Өз күйзелісі жөнінде дәрігер, психолог, педагогтарға шағымдану.

### **Психикалық бұзылыстар:**

- Жылауықтық;
- Ауыздың кебуі;
- Тахикардия;

- Демнің жетпеуі;
- Бас аурудың жиілігі;
- Дене салмағының түсуі;
- Тәбеттің қашуы;
- Кеуденің ауырлығы.

#### **Демонстрациялық мінез:**

- Өз-өзіне қол жұмсаумен қорқыту
- Қан тамырларын кесу
- Дәрі-дәрмек ішу
- Өзіне назар салуды талап ету

#### **Суицидтік аффектілік мінез:**

Аффект үстінде дарға асылу, улы, қатты әсер ететін дәрі-дәрмекпен улану

Жыл мезгілі

- Табиғаттың оянған гүлденген кезінде **көктем** мезгілінде жиі кездеседі.

#### **“Сәуір-ең қатыгез ай” (Томас Эллиот)**

#### **Суицидтік әрекеттің алдын-алу және түзету:**

- Стресті жеңуге үйрету.
- Отбасы, мектеп, референттік топтың көмегімен жасөспірімге әлеуметтік қолдау көрсету.
- Қиыншылықты жеңуге арналған психологиялық тренингтер жүйесін ұйымдастыру.
- Суицидтік жағдайларға жеткізген психологиялық қажеттіліктерді азайту.
- Өмірге ерекше қатынасты қалыптастыру.
- Суицидтік мінез-құлықты тани білу, алдын алу.

#### **Көмек беру үшін:**

- Суицидке әкелген себепті табуға тырысу.
- Суицидке бейімділігі бар тұлға деп, оның әрекетіне нақты көзқараспен қарау.
- Қамқорлық көрсете білу.
- Тыңдаушы бола білу.
- Өмірдегі қажеттілігін түсіндіре білу.

- Сөз таластырмау.
- Дәлелденбеген басу айтпау.
- Үміт беру.
- Мамандармен байланысу керек.

*Түн артынан күн шығатыны секілді, қиыншылық арты жақсылыққа ұласатынына бала сенімді болуы керек.[4]*

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1.Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан – Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы. ҚР Парламентінің Жаршысы, №18, 105-құжат, 2004. – 14 б.

2.Степанов В.Г. Психология трудных школьников. – М.:Академия,2004.– 245 б.

3.Баженов В.Г., Баженова В.П. Психолого-педагогическая диагностика и коррекция девиантного поведения школьников. – Тараз, 2003. – 125 б.

4.Балалар суицидімен күресу шаралары.- Алматы, 2010

**КМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.